Кітап оқудың адам өміріне пайдасы

Қазіргі таңда балалар кітап оқи ма?
Бұл сұраққа жауап беру өте қиын деп ойлаймын. Себебі XXI ғасырда кітап оқитын балалар өте аз. Бірақ солардың арасында кітапты шын сүйетін, жиі оқып отыратын жасөспірімдер де аз емес. Қазір бәрі телефонға, интернетке кіріп кетті. Кітап оқу азайып бара жатыр. Барлығы технология арқылы қарқынды дамып жатқандықтан, қазіргі жасөспірім кітап оқудан алшақтап келеді.

Кітаптың алатын орны өте ерекше. Кітапты біз ешқандай технологиямен алмастыра алмайтынымыз анық.
Оқыған адамның күні қашан да жарық.

Кітап оқудың пайдасы өте көп. Оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Солардың бірнешеуін сіздерге айтып бергім келеді.

1. Жеке тұлғаны қалыптастырады
Ең алдымен кітап адамға өзін-өзі тануға және қоғамды тануға көмектеседі. Кітап оқу адам өмірін түбегейлі өзгертеді.

2. Ойлау және есте сақтау қабілетін дамытады
Кітап оқыған адамның ойлау қабілеті тез дамиды. Ол тез ойлап, тез қорытынды жасай алады. Соның арқасында үлкен табыстарға жол ашады. Тез ойлайтын, тез қорытынды жасайтын адам кез келген жұмысты меңгеріп кетеді.
Сонымен қатар кітап есте сақтау қабілетін дамытады. Бұл қазіргі балалар үшін өте қажет. Қазір бәрі ұмытшақ болып бара жатыр. Ал кітап оқитын баланың есте сақтау қабілеті өте жақсы дамиды.

3. Сөйлеу және жазу мәдениетін арттырады
Кітап оқыған бала айналасымен тез тіл табыса алады. Сөздік қоры дамып, өз ойын әдемі, анық жеткізе алады. Өзін жақсы жағынан көрсетеді.
Сөздік қорымен қатар жазу қабілеті де жақсы дамиды. Кітап оқыған адамның жазуы сауатты әрі көркем болады.

4. Жаңа идеялар береді
Кітап жаңа идеялардың туындауына көмектеседі. Сіз кітапты қандай жиілікте, қандай көлемде оқысаңыз да, оның пайдасын міндетті түрде көресіз.

Кітаптың пайдасы өте көп. Айта берсек, бітпейді. Сондықтан кітапты жай ғана хобби ретінде емес, өмірлік қажеттілік ретінде жиі оқып тұру керек.

Ал сіз кітапты жиі оқисыз ба? Оқымайтын болсаңыз, қазірден бастағаныңыз жөн!

Жаркент қаласы
Еңбекші орта мектебінің
11 сынып оқушысы Сулейманова Тахмина